

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Қуралай» балабақшасы				
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	Балапан				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Дюсюрова Динара				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	06.03- 10.03.2023 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлыш жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінің қалай				

әңгімелесу, кеңес беру	түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпактар".			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сұлгімен сұртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау.		"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.
Тақпакты мәнерлеп оқу, қымыл жаттығуы. "Әже". Мақсат-міндеттер. Балаларды, әженің суретіне қарап, тақпакты мұқият тыңдал, педагогтің соңынан ілесіп, таныс сөздерді	"Мозаика" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сактау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты:		«Қамқорлық гүлі» Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу . Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды.	"Тұған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсат-міндеттер. Балаларды көктем мезгілі туралы тақпакты тыңдал, қайталауға ынталандыру;

	<p>қайталауға</p> <p>ынталандыру; тілін,</p> <p>есте сақтау қабілетін,</p> <p>жағымды</p> <p>эмоцияларды</p> <p>дамыту.</p> <p>Құралдар: әженің</p> <p>суреті.</p> <p>Педагог әженің</p> <p>суретін балаларға</p> <p>көрсетіп, оған</p> <p>тақпақты айтып</p> <p>беруге ұсынады.</p> <p>"Әже".</p> <p>Әжем менің әлі де,</p> <p>Ұқсамайды көріге.</p> <p>Шай қайнатып</p> <p>береді,</p> <p>Біздің үйдің бәріне.</p> <p>Н. Исахметов</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>геометриялық</p> <p>пішіндерден</p> <p>салынған, педагог</p> <p>көрсеткен қарапайым</p> <p>өрнек кілемшесін</p> <p>салу, педагог</p> <p>көрсеткен ұлгіге</p> <p>қарап, мозаика</p> <p>өрнегін құрастыру.</p> <p>Құралдар: шаршы</p> <p>пішінді қатпа</p> <p>қағаздан жасалған</p> <p>кілемшелер,</p> <p>табақшаларда</p> <p>геометриялық</p> <p>пішіндердің</p> <p>жинақтамалары.</p> <p>Педагог баладан</p> <p>қандай пішіндерді</p> <p>қолданып жатқанын</p> <p>сұрастыра алады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Балаларға анасына</p> <p>бес жапырақшасы</p> <p>бар «Қамқорлық</p> <p>гүлін» салу</p> <p>ұсынылады. Сурет</p> <p>салып болғаннан</p> <p>кейін педагог</p> <p>балаларға өздері</p> <p>ойлаған істерін</p> <p>жасап, анасына</p> <p>«Қамқорлық гүлін»</p> <p>сыйлауды ұсынады.</p> <p>(әлеуметтік-</p> <p>эмоционалды</p> <p>дағдылар)</p>	<p>жағымды</p> <p>эмоцияларға</p> <p>бөленуге үйрету;</p> <p>көктем мезгілі</p> <p>туралы алғашқы</p> <p>ұғымдарды</p> <p>қалыптастыру.</p> <p>Педагог тақпақты</p> <p>оку алдында,</p> <p>балалардың назарын</p> <p>аулаға (күн жылы</p> <p>болып, қар еріп</p> <p>жатса) немесе көктем</p> <p>мезгілі салынған</p> <p>пейзаж суретіне</p> <p>аударады.</p> <p>Тақпақты</p> <p>мимиканың және</p> <p>қолдарының</p> <p>қатысуымен окуға</p> <p>болады.</p> <p>- Туды көктем!</p> <p>Шулы көктем</p> <p>Кең даланы оятты.</p> <p>Күн қызының қүйді</p> <p>көктен,</p> <p>Сең бұзылды, су</p>
--	--	--	--	--

					ақты. Ш. Мәмбетов (көркем әдебиет)
Таңертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстай. 1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).</p> <p>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы. Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстай, қол тізеде. 1 - он жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).</p> <p>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстай. 1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылату "Шеге қағамыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет).</p> <p>(дene шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты таусын алайық.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				

Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Таңғы сәлемдесу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөлениуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрган балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.</p> <p>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!</p> <p>Тусипжанова-Шагирова А. (сөйлеуді дамыту)</p>			
Білім беру үйымының кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Құстармен шалшықтан аттаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дene тепе-тендігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; гимнастикалық шенберлермен</p>	<p>Музыка "Таза бұлак". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Төлдер" әнінің сипаттын ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету; би ырғақтарын музыка әуеніне сай сай жасау қабілетін қалыптастыру; топпен жұмыс жасау дағдыларына тәрбиелеу.</p>		<p>Дене шынықтыру "Бал бұлак ". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін дамыта отырып, оку қызметін пысықтау; еңбектеу кезінде дene тепе-тендігін сақтау; жаттығу кезінде епті болуға тәрбиелеу.</p> <p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Қонжыққа төсек". Мақсат-міндеттер. Балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; құрылыш материалдарының тұрақтылығы жөнінде ұғымдарын толықтыра отырып, олардың қасиетін істәжірибеде тексеруге жаттықтыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз</p>

	<p>орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру.</p>			<p>қымылдарын сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге шақыру; құрылыш нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау. Балалардың құрылыш материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, олардың кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен ақыл-ойын дамыту.</p>	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалашуыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап,	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстыры). (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер.		Ағаштарды бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың күрылымы туралы	Бұлттарды бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға

<p>желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Желдің соққанын байқайық,</p> <p>Желектерге бір қарайық;</p> <p>Жел бұталарды шайқайды,</p> <p>Жапырақтармен ойнайды.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, күрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>(еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке</p>	<p>Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру;</p> <p>құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.</p> <p>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсындар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.</p> <p>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.</p> <p>- Құстар ұқсан дыбыстайықшы. Жарайсындар!</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды құмның бетін қоқымнан тазалауға шақыру.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>	<p>ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>- Аулада өседі ағаштар, Бау-бакшада тұрады қатар-қатар.</p> <p>Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдең, шайқалып.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, күрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа,</p>	<p>машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге үқсайтындарына көніл аудару.</p> <p>"Аспанда".</p> <p>Бір бұлт шықты бие болып,</p> <p>Бір бұлт шықты түйе болып,</p> <p>Бір бұлт шықты шошқа болып,</p> <p>Бір бұлт шықты қошқар болып.</p> <p>Қ. Мырзалиев.</p> <p>"Бұлттар ұқсан шайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.</p> <p>- Балалар, мен желмін, сендер</p>
--	---	---	---

тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер:	еңбексүйгіштікке	бұлттарсындар.
Үйректің балапандары мен күшік" қымылды ойны. (дene шынықтыру)	балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.	(енбек дағдылары)	- Мен сендерге:
Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қымылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.	"Күстар" қымылды ойны. (дene шынықтыру)	"Қоңырауым қайда?" қымылды ойны. (дene шынықтыру)	"Қатты жел соқты!"
Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді.	Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, үйімшылдыққа тәрбиелеу.	Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.	деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсан "ұшасындар".
- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қымылдайды.	Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.	Педагог балалар ("күстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді.	Еңбекке баулу тапсырмалары:
- Қанекей, қайталайықшы.	Жарайсындар.	"Күстар, ұшындар!"	балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шакыру.
Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.	Педагог балалар ("күстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді.	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;	- Қоңырауым қайда?
- Қанекей, қайталайықшы.	Жарайсындар.	"Күстар, ұшындар!"	Сыңғырлайды сайда. Кім адапсай тауып алады,
Жарайсындар.		Қоңырауды қолға алады.	Коңырауды қолға алады.
		Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.	таптастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу;
		Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып	жағымды эмоцияларды дамыту. (енбек дағдылары)
			"Күлшашақтар" қымылды ойны.

<p>- Ал күшік қалай қимылдайды?</p> <p>Көрсетіндерші?</p> <p>- Жарайсындар!</p> <p>- Балапандар, балпандаңдар!</p> <p>Басқа балапандардан қалмандар!</p> <p>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:</p> <p>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!</p> <p>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!</p> <p>Ал күшігім жүгіреді,</p> <p>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.</p> <p>- Сен, күшігім, соқтықпа!</p> <p>Үйректерді қорқытпа!</p> <p>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі ойнайды. Балалар жан-жаққа қашады.</p> <p>Ең соңындағы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады.</p> <p>"Ирелендеген жолдармен" ойын</p>	<p>сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың үшқанына еліктеу қимылдарын</p> <p>көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:</p> <p>- Құстар, құстар, келіндер,</p> <p>Жемді шоқып, теріндер.</p> <p>Жемді шоқып, тойсандар,</p> <p>Әнді салып беріндер.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>Педагог балалар біраз отырып, демалып алғаннан кейін, оларға қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.</p> <p>"Шашылған</p>	<p>жасырады.</p> <p>«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>(dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машиқтандыру; сигнал бойынша жаңакқа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балаларға құлыншақтың суретін және қалташаларды үлестіреді.</p> <p>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.</p> <p>- Құлыншақ шабады. Қарандаршы.</p>
---	--	---	--

<p>жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ирелендеңген жолдардың бойымен жүргүге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.</p>	<p>асықтарды жинайық"</p> <p>қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшандыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.</p>		<p>Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды. - Жарайсындар. - Ал енді менің соңымнан тақпакты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік. "Құлыншақ". - Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді тұлымшақ. Маңдайында жүлдзызы, Құйрығында құндызы. М. Жаманбалинов "Шенберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (асықты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік</p>
---	---	--	--

				қабілеттерін дамыту.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сүмен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолынды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, тұбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты таусыып алайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Құндізгі үйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.			
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте арқамен жатып, қолын жаңына созады, демдерін еркін шығарады. 2. Балалар төсекте арқамен жатып, қолды екі жаққа созады, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастырады, демалады. 3. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын бастьарына қойып, кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтереді, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіреді. 4. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын жаңына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебеді Төсектен тұрғызу.			

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	<p>"Қолды қалай дұрыс жуу керек". Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қоянның үйшігі". Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды "Қоянның үйшігі" ертеғісімен таныстыра отырып, ертеғі мазмұны бойынша</p> <p>эмоционалды жауап беруге талпындыру;</p> <p>шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету;</p> <p>кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату.</p> <p>Балалардың тілін,</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Бұлақтар". Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетін бақылап, жоғарғы жақтағы ағаштардың көлеңкелерінен төмен, қағаз ортасынан бастап, төменгі жағын солдан онға қарай жатқан иректерге, "бұлақтарға"</p> <p>толтыруға үйрету;</p> <p>қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы</p>		<p>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу "Бұлақ". Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды табиғат құбылышын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың қозғалу ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру;</p> <p>балалардың жағымды эмоцияларға бөлениндеріне жағдай жасау.</p>	<p>Музықадан ойын-жаттығу "Бұлақ сылдыры". Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, эмоционалды жауап беруге ынталандыру;</p> <p>би ырғактарын музыка әуеніне сай жасауға дағдыландару.</p>

	танимын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.	нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректеп, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; келесі иректерді, "бұлақтарды" біріншінің астына параллель салуға жаттықтыру; қылқалам түгін бояуға қайта малуға және жұмыстан кейін тіреушеге қою қабілетіне баулу; қардың көктемде еру қасиеті туралы түсініктер беру.		
Балалармен жеке жұмыс	"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту;	"Айналайын анашым" тақпағын мәнерлеп оқу. - Айналайын анашым, Әлпештеген мамашым, Еміп өскен бөбекпіз, Маматайдың	Өлең жаттау, қайталау. Құстар қанат қағады. Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып,	Өлең жаттау, қайталау. Құстар, құстар келеді, Даланы жырға боледі. Көктем келді деп бізге, Жылды хабар әкелді. (сөйлеуді дамыту

	<p>ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (сенсорика)</p>	<p>мамасын.</p> <p>Ай қабакты анашым, Күн сәулесі мамашым, Ақ сүтіңмен суардың Бөбекіңнің санасын. М. Хәкімжанова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>		<p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>және көркем әдебиет)</p>
Серуенге дайындық	<p>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".</p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстайдың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	<p>Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>				
Серуеннен оралу	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтуды беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын</p>				

тағы басқа әрекеттер)	<p>есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)</p> <p>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Өуенде интонациямен және ыргақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мұсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.</p> <p>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мұсіндеу, сурет салу)</p> <p>Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мұсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесеңі, тостағанды, табақты мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білзік, жұзік, қол сағат) мұсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылымын ұқыптылықпен жинау.</p> <p>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. (сенсорика)</p> <p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p> <p>Табиғат бұрышын қарастыру. (қоршаган ортамен танысу)</p> <p>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дөрекілікке, сарапдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мұсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.</p>
Балалардың үйге қайтуы (ата-	түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпактар".

аналарға кенес)

Тексерген Оразгалиева Г.Б.

